

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КАСПИЙ ТЕҢІЗІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 5 қаңтар 1994 ж. N 26

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ұлттық кеңесі туралы Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 5 қаңтардағы
N 26 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Каспий теңізі
проблемалары жөніндегі Ұлттық кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Қазақстан Республикасының Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ұлттық кеңесі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының Каспий теңізі проблемалары жөніндегі Ұлттық кеңесі туралы" 1993 жылғы 23 тамыздағы N 725 қаулысына сәйкес құрылған ведомствоаралық үкімет органы болып табылады.

2. Ұлттық кеңестің құрамын Каспийдің проблемаларымен шұғылданатын Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының, мекемелері мен ұйымдарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

3. Ұлттық кеңес:

Каспий теңізінің проблемалары, су басу мен су астында қалу қаупі бар Каспий теңізінің жағалау аймағындағы шаруашылықтың тұрақты қызметін және халықты қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдардың қызметін үйлестіреді, Каспий теңізі бассейніндегі су, минерал және биоресурстардың сақталуы мен пайдаланылуына, сондай-ақ экологиялық апаттың күшеюі мүмкіндігінің алдын алу жөніндегі шаралардың өткізілуіне бақылауды жүзеге асырады;

Каспий аймағы проблемаларының жалпы алғандағы тұжырымды мәселелерін қарайды, Каспий проблемаларымен шұғылданатын Атырау және Маңғыстау облыстары әкімдерінің, министрліктер мен ведомстволардың ұсынуы бойынша жағалауды қорғау жұмыстары мен халық шаруашылығының тұрақты қызметін тиімді жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі қажетті кешенді жобалардың түзілуіне бақылау жасайды, осы проблемалар жөніндегі негізгі мәселелерді бағамдап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына ұсыныс тапсырады;

ғылыми, жобалау және басқа ұйымдардың Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттермен бірлескен шешімдер әзірлеуге және қажетті практикалық іс-қимыл жүргізуге бағытталған күш-жігерін біріктіреді;

мемлекеттік, қоғамдық және басқа қорлардың дамуына жәрдем көрсетеді және олар жинақтаған қаражатты Каспий проблемаларын шешу үшін пайдалануды үйлестіреді;

Қазақстан жағалауын су басудан және су астында қалудан қорғау жөніндегі практикалық іс-қимылдың орындалу барысына бақылау жасайды, жобаларда жұмыстарды көзделген қаржыландыру мәселелеріне тұрақты түрде қатысады, әрі осы мақсатта облыстар әкімдерінің, тиісті министрліктер мен ведомстволардың есебін тыңдайды және оларға әзірленген бағдарламалардың жүзеге асырылуына жәрдем көрсетеді;

Каспий теңізі проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу, жобалау-іздігіру жұмыстарының жай-күйін, Каспий теңізі деңгейінің режимін болжауды қарап отырады, бұларды Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттермен келісу барысында бақылау жасайды, Каспий теңізінің жағалауы мен акваториясындағы табиғи ортаның жай-күйін қадағалау мен бақылаудың бір ізге салынған мониторинг жүйесін, деректер банкі және басқа жүйелерді құруды ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Каспий теңізі проблемалары жөніндегі конвенциялардың, келісімдердің және басқа халықаралық нормалар мен ережелердің жобаларын қарау жөнінде ұсыныс енгізеді;

Каспий теңізі акваториясы мен жағалауындағы табиғи және отын-энергетикалық

ресурстарды ұтымды пайдалануға байланысты Каспий теңізі жағалауындағы мемлекеттердің бірлескен іс-қимыл жоспарларын келіседі және республиканың Үкіметіне тиісті ұсыныс енгізеді.

4. Ұлттық кеңеске басшылықты Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарларының бірі қоғамдық негізде жүзеге асырады.

5. Ұлттық кеңестің мәжілісін дайындау және іс қағаздарын жеделдете жүргізу үшін құрамында бес адам: Қазақстан Республикасының Президенті мен Министрлер Кабинеті Аппаратының ТМД істері жөніндегі бөлімінің екі қызметкері және Қазақстан Республикасының Су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитеті, "Каспий" Ұлттық орталығы, "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік концерні өкілдері бар жұмыс тобы құрылады.

6. Ұлттық кеңестің мәжілісі олар бекіткен жұмыс жоспары бойынша, бірақ тоқсанында кем дегенде бір рет өткізіледі.